



## Жетісу облысы бойынша 2024 жылдың II тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 108 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жетісу облысы бойынша 2024 жылдың II тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.

2. "Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жетісу облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Исабаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы

"\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына

қосымша

## Жетісу облысы бойынша 2024 жылдың II тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

№	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	II тоқсан
1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	603
2	Бірінші сортты бидай ұны	теңге/ килограмм	283
3	Қаракұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	342

4	Бірінші сұрыпты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	теңге/ килограмм	231
5	Түтік кеспе (өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	446
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	теңге/ килограмм	2902
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	теңге/ килограмм	1346
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	теңге/ литр	487
9	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	теңге/литр	420
10	Сүзбе: майлылығы 5-9%	теңге/ килограмм	1743
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	теңге/дана	564
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	теңге/ килограмм	5055
13	Күнбағыс майы	теңге/ литр	733
14	Ақ қауданды қырыққабат	теңге/ килограмм	274
15	Басты пияз	теңге/ килограмм	155
16	Асханалық сәбіз	теңге/ килограмм	274
17	Картоп	теңге/ килограмм	224
18	Ақ қант – құмшекер	теңге/ килограмм	495
19	Ас тұзы ("Экстра" -дан басқа)	теңге/ килограмм	94